

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қараша N 1401

Кәсіпорындардың республикалық бюджетке жинақталып қалған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің "Балқаш Лтд" акционерлік кен-руда компаниясының республикалық бюджет кірісіне есептелуге жататын 100 (жүз) млн. теңге сомасындағы берешегі мен Республикалық жер қойнауын қорғау және минералды-шикізат базасын ұдайы өндіру қорынан (бұдан былай - Қор) қаржыландырылатын "ГЕОТЕКС" акционерлік қоғамына мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі орындаған жұмыстары үшін берешегіне есептеме жүргізу туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Балқаш Лтд" акционерлік кен-руда компаниясының республикалық бюджет алдындағы 100 (жүз)млн. теңге сомасындағы, оның ішінде қосылған құнға салынатын салық - 76 (жетпіс алты) млн. теңге, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 22 (жиырма екі) млн. теңге, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы - 2 (екі) млн. теңге берешегін Қордан қаржыландырылатын "ГЕОТЕКС" акционерлік қоғамының орындаған жұмысы үшін оның республикалық бюджетке берешегін өтеу шотына есептеме жасасын.

3. "Балқаш Лтд" акционерлік кен-руда компаниясы мен "ГЕОТЕКС" акционерлік қоғамы жасалған есептемені ескере отырып өзара қарым-қатынастарын шарттық келісіммен реттейтін болсын.

4. Бюджеттік қарыздар бойынша аталған есептеме 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі